

## **"Анкара" бесжұлдызды қонақ үйі кешенін салу мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 маусым N 756

Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы ынтымақтастық шегінде, сондай-ақ "Анкара" бесжұлдызды қонақ үйі кешенінің құрылысын аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің "Анкара" бесжұлдызды қонақ үйі кешенінің құрылысын аяқтау үшін "Айт-Отель" акционерлік қоғамына 12,1 млн (он екі миллион бір жүз мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша кредиттік қаражат бөлу туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен түпкілікті займшының тәуекелдік және мүліктік жауапкершілік міндеттемесін көздейтін тиісті келісім жасасын.

3. "Айт-Отель" акционерлік қоғамы:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне жобаның негіздемесін, контракт, сондай-ақ қосымша сұралатын кредитке тиісті кепілдікті, аманатты қамтамасыз ететін және басқа қажетті құжаттарды ұсынсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен қосымша кредиттік келісім жасасын;

өз қаражаты есебінен берілген кредит сомасының аванстық өлшемдерін, ол бойынша проценттерді төлеуді, сондай-ақ банк шығыстарын төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі контрактінің, кепілдік және аманаттық базалардың техникалық-экономикалық негіздемесіне, сондай-ақ жобаның жүзеге асырылу кезеңінде төлемдерді іске асыратын көздерге банктік сараптама жүргізсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен Қазақстан Республикасының кепілдігін қамтамасыз ету жөнінде келісім жасасын және тиісті қарсы кепілдік берсін.

Түркия Республикасының ЭКСИМбанкімен 2,7 млн. (екі миллион жеті жүз мың) АҚШ доллары мөлшерінде игерілген аккредитивтер бойынша пайдаланылмаған кредитті ескере отырып бұрын келісілген кредит қаражат мөлшерін бөлудегі өзгерістерді пысықтасын және кредиттің қосымша бөлігіне банктік кредиттік келісім жасасын;

кредитті және ол бойынша проценттерді дер кезінде қайтаруды

қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

5. "Түркия Республикасының Үкіметі беретін кредит есебінен

қаржыландырылатын жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 тамыздағы N 866 қаулысына 1-қосымшаға (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 33, 365-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

"Қазақстан Сауда" МСК" Алматы қаласында 600 42,9 "Юксель ин. деген жол орындық қонақ үй шаат" фирмасы құрылысы

мынадай редакцияда жазылсын:

"Айт-Отель" АО" Алматы қаласында 55,0 "Ах-Сель" "Анкара" қонақ үйі фирмасы кешенін салу

"Қарабұлақ қант зауыты" сантехникалық бұйым. 3,4 "Алтайлар" дар өндіретін жабдық. фирмасы тар сатып алу

деген жолдар алынып тасталсын;

"Республикалық балаларды Алматы қаласында 22,5 "Финтрако" оналту орталығы" орталық салу фирмасы

деген жолдардағы "22,5" деген сан "16,86" деген санмен ауыстырылсын.

"БАРЛЫҒЫ" деген жолдағы "134,5" деген сан "133,86" деген санмен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК